

21–25 Қыркүйек,
2020

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ "QS Holding" ЖШС KZ2P00006315 (QSHDb1) облигациялары "таза" баға режиміне [ауыстырылды](#).
- ▲ БАСТ" АҚ [KZ2C00004034](#) (BASTb1), "Самұрық-Қазына" ҰАҚ АҚ [KZ2C00002194](#) (SKKZb23) және "Сбербанк России" АҚ [KZ2C00002137](#) (SBERb9) облигациялары айлаыс мерзімі аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен алып тасталды.
- ▲ Қазақстан қор биржасы KASE_VM* индикаторлар сериясының өкілетті тізімінен "Сбербанк России" Еншілес Банкі АҚ [KZ2C00002137](#) (SBERb9) және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ [KZ2C00002194](#) (SKKZb23) облигацияларын, айналыс мерзімі аяқталуына байланысты, шығарды.
- ▲ "Tengri Bank" АҚ бағалы қағаздары KASE ресми тізімінен [шығарылды](#).
- ▲ Freedom Holding Corp. US3563901046 (US_FRHC) жай акциялары KASE балама сауда-саттық алаңының "акциялар" санатынан KASE ресми тізімінің негізгі алаңынан "стандарт" санатына [ауыстырылды](#).
- ▲ "Фридом Финанс" АҚ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің KZKD00000873 (MUM132_0006) облигациялары бойынша Қазақстан қор биржасында маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).


ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ Атырау облысының әкімдігі Қазақстан қор биржасында өзінің KZMJ00000867 (ARK024_086) облигацияларын орналастырып, 2,0 млрд теңге [қаржы тартты](#).
- ▲ Қазақстан қор биржасында Шымкент қаласының әкімдігі өзінің KZSJ00000085 (SHK024_008) екі жылдық облигацияларын орналастырып, 5,0 млрд теңге [қаржы тартты](#).
- ▲ Қазақстан қор биржасында "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00006955 (KFUSb3) облигациясын жылдық 11,2200% -бен орналастырып, 14,5 млрд теңге [қаржы тартты](#).



KASE Индексі апта қорытындысы бойынша 1,8% төмендеп, 2 430,62 нүктені құрады. Индекстік акциялар арасында мәмілелердің көп саны Халық банктің жай акцияларымен жасалды – 494 мәміле. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі Kcell қағаздары – 83,6 млрд теңге (бір аптадағы жиынтық көлемінен (30,4%).

KASE Индексінің акциялары



25.09.2020

KASE Индексі	2 431,72	Трендтер (%)	
		-1,3	-0,4
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
Казахтелеком, прив. акции	12 400,0	0,0	1,6
Kcell	2 565,0	-0,2	1,6
KEGOC	1 709,0	-0,3	-0,1
Банк ЦентрКредит	223,0	-0,4	-2,3
КазТрансОйл	806,0	-0,7	-0,5
НАК Казатомпром	6 235,0	-1,0	3,1
KAZ Minerals	2 900,0	-1,1	-1,5
Сбербанк	1 299,5	-1,4	-2,9
Народный банк	117,2	-2,3	3,3
Казахтелеком	24 900,0	-3,5	-5,3
Газпром	1 015,0	-3,8	-7,9
Bank of America Corporation	10 022,6	-4,6	-7,0
Банк ВТБ	0,2	-5,0	-9,5
Freedom Holding Corp.	10 110,0	-7,9	8,7
Аэрофлот	415,0	-12,6	-12,6


Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Қор нарығының оқшауланған индикаторы бесінші сессия қатарынан төмендеп, аптаны минуспен аяқтады. Оқшауланған нарыққа қысымды әлемдік қор индекстерінің төмендеуі түріндегі негативті сыртқы факторлар, коронавирус жұқтырғандардың саны артуы, сондай-ақ теңгенің шет елдік валютаға қатысты әлсіреуі сияқты факторлар көрсетуде.

Сауда-саттықтың аутсайдері Қазақтелеком жай акциялары болып табылады, олардың бағасы 3,9% дейін төмендеп, 24 900,00 теңгені құрады. "Самұрық-Қазына" мемлекеттік қоры 2020 жылдың соңына дейін Қазақтелекомдағы өзінің 10% үлесін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) сату жоспары туралы бейсенбі күні хабарлағанын ескертеміз. Сондай-ақ, KAZ Minerals және Халық банк акциялары қатты төмендегені байқалады, бағасы 3,4% және 3,1% сәйкесінше. Төмендеуі карантиндік шаралардың нығаюы аясында экономиканы қалпына келтіру қарқынына қатысты инвесторлардың қорқынышы артуынан туындап отыр.

Аптаны жасыл аймақта аяқтаған жалғыз қағазы Kcell акциялары болды, олардың бағасы аздап 0,1% өсіп, 2 565,00 теңгені құрады. Сонымен қатар, Лондон қор биржасында (LSE) компания ЖДҚ KASE сауда-саттық жабылу сәтінде \$6,03 саудаланды, ол 25 қыркүйектегі Ұлттық Банктің ресми бағамы бойынша бір акцияға 2 569,93 теңгені құрады.


Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі






Ұлттық валютаға қысым көрсеткен сыртқы факторлардың нығаюы әсерінен, қаржы нарығы мөлшерлемесі осы аптада бірте-бірте өсті. Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 46 б.н. артып, жылдық 9,08%. АҚШ доллары кепілдігімен теңгені қарызға алу мөлшерлемесі 91 б.н артып, жылдық 9,35% құрады. Бір күндік теңге өтімділігінің орташа көлемі бір аптада 148,7 млрд теңгені (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке -(+11,9%) құрады.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



Основные параметры размещения нот НБРК



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі






Апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 2,91 (+0,7%) теңгеге нығайып, 426,32 теңгені құрады. Ағымдағы аптада валютаның жиынтық көлемі \$626,2 млн (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке +7,1%). АҚШ долларын сату және сатып алу бойынша мәміленің жалпы көлемі 2 340 (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке + 194) құрады.

Теңге апта қорытындысы бойынша ресей рублі мен еуроға қатысты нығайып, АҚШ долларына қатысты және қытай юаніне қатысты мұнай баға белгілеулері аясында позициясын жоғалтуда. Жұма күні ICE Futures лондон биржасында Brent мұнайының фьючерсі бір баррельге \$41,92 жабылды, ол өткен жұма күнгі сауда-саттыққа қатысты 2,9% төмен. Осы аптада нарыққа қысым көрсеткен Ливияның барлық кен орындарында ТЖ режимін тоқтату туралы жаңалығы болды және National Oil Corporation ливия мұнай компаниясының экспортын жаңарту болды. Мұнай баға белгілеулері өткен аптада АҚШ-та мұнай қоры бойынша ресми мәліметтердің жариялануынан кейін өсті. Бейсенбі күні АҚШ-та Минэнерго баяндаманы жариялады, онда елдегі қара алтын қоры екінші апта қатарынан төмендеп жатқаны жарияланды. Алайда, бұл нарыққа қолдау көрсете алмады, өйткені әлемдегі бірқатар елдерде COVID-19 жұқтыру жағдайының өсуі шектеу шараларын қайтаруға әкеледі, ол өз кезегінде экономикалық белсенділікке ықпал етеді, соның салдарынан мұнайға сұраным да азаяды. Ресей рублы, сонымен қатар, геосаяси тәуекел қысымына және Мәскеу биржасында жұма сауда-саттығының АҚШ доллары бағамының рубльге қарағанда 78,2164 рубльге жабылуын көрсетті, ол өткен жұмаға қарағанда 3,3% жоғары.

Ресей рублінің құны 0,0247 (-0,4%) теңгеге дейін төмендеп, 5,5406 теңгені құрады. Еуро теңгеге қатысты 1,23 теңгеге арзандап, 497,47 теңгені құрады. Қытай юані 0,0931 теңгеге (+0,1%) арзандап, 62,4800 теңгені құрады.


Шетел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.20)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

25.09.2020

Атауы	Мәні	Тренд %			Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж			7к	1а	1ж
S&P 500	3 298,46	0,5	-5,2	10,8	Мұнай	41,92	1,2	-8,2	-33,2
Dow Jones	27 173,96	0,1	-4,1	1,1		40,25	2,4	-7,2	-28,6
PTC	1 164,68	-1,4	-8,5	-14,3	Табиғи газ	2,14	16,6	-13,1	-11,9
MMBB	2 285,53	0,0	0,0	0,0	Мыс	297,30	-1,9	0,4	16,1
Hang Seng	23 235,42	-3,0	-8,9	-10,8	Темір	910,00	-0,7	0,4	16,4
SS CSI 300	4 570,02	-2,6	-2,9	19,0	Алтын	1 861,58	-2,2	-4,8	23,6
Euro Stoxx 50	3 137,06	-0,8	-6,5	-11,2	Күміс	23,02	-5,3	-16,1	29,3
FTSEuroFirst	3 462,50	-0,1	-6,0	-17,7	Астық	544,25	-1,9	2,3	12,4
FTSE 100	5 842,67	0,7	-3,4	-20,5					
KASE	2 431,72	-1,3	-0,4	12,3					

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

30.09	Өндірістік сектордағы (PMI) (қыркүйек)	іскерлік белсенділік индексі	CNY	51,2	51,0
30.09	ІЖӨ (ж/ж) (2 т.)		GBP	-21,7%	-21,7%
30.09	Германиядағы жұмыссыздар санының өзгеруі (қыркүйек)		EUR	-9К	-9К
30.09	Тұтынушы баға индексі (ТБИ) (ж/жг) (қыркүйек)		EUR	-0,2%	-0,2%
30.09	ІЖӨ (тоқсан/тоқсан) (қыркүйек)		USD	-31,7%	-31,7%
30.09	Шикі мұнай қоры		USD	-2,325M	-1,639M
30.09	Өндірістік сектордағы (PMI) (қыркүйек)	іскерлік белсенділік индексі	CNY	51,2	51,0

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

Жыл басына

Жылдық инфляция	7,0%	01.09.20	5,3 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	31 561	01.06.20	30 927
Қаржы базасы, млрд KZT	8 428,3	01.06.20	5 995,7
Қаржы массасы, млрд KZT	22 438,2	01.06.20	20 813,4

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг

Күні

Алдыңғы

S&P Global

BBB- тұрақты

27.03.20

BBB- тұрақты

MOODY'S

Baa3 позитивті

22.08.19

Baa3 тұрақты

FitchRatings

BBB тұрақты

21.08.20

BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: 8 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.